



**KAZ MINERALS PLC**  
6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2019 жылғы 22 қаңтар

## **БАИМСКАЯ МЫС ЖОБАСЫН САТЫП АЛУ МӘМІЛЕСІНІҢ АЯҚТАЛУЫ**

KAZ Minerals Баимская мыс жобасын сатып алу жөніндегі мәміленің алғашқы аяқталуы туралы мәлімдейді. Бұған монополияға қарсы және өзге де реттеуші келісімдер мен Топ 2018 жылғы 2 тамызда мәлімдеген келісім аясындағы басқа шарттарды орындағаннан кейін қол жетті.

Алғашқы аяқталу бойынша төленетін ақы ақшалай қаражат түріндегі \$436 млн<sup>1</sup>-дан және KAZ Minerals PLC-дің жаңа 22 344 944 акциясынан құралған. Алғашқы акциялық ақыны құрайтын акциялар шығарылып, сатушыға берілді және олар KAZ Minerals PLC-дің қолданыстағы акцияларымен барлық тұрғыдан бірдей. Алғашқы акциялық ақы ресми тізімге енгізіліп, Лондон қор биржасының негізгі нарығындағы саудаға 2019 жылғы 24 қаңтарда қосылады деп күтіліп отыр. Дегенмен бұл акцияларды сатуға үш жыл бойы тыйым салынған және бұл тыйымның уақыты мәміленің алғашқы аяқталуына үш жыл толғанда тоқтайды.

Алғашқы акциялық ақыны шығарғаннан кейін KAZ Minerals PLC-дің шығарылған жалпы акцияларының саны 480 723 977 құрады. Оның ішінде қазынашылықтағы 10 133 458 акция бар. Сөйтіп, KAZ Minerals PLC-дің дауыс беру құқығы бар жалпы акциялық капиталы 470 590 519 акцияны құрап отыр.

2019 жылдың ішінде Топ жобаның банктік техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша ілгерілемек. Fluog компаниясы жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) жасайтын бас мердігер болып тағайындалды, жұмыстар басталып кетті. ТЭН-нің нәтижелері, оның ішінде күрделі шығындардың кестесі, өндіріс көлемдері, операциялық шығындар және өндірісті қолдауға қажетті күрделі шығындар бойынша жоспарлы көрсеткіштер 2020 жылдың бірінші жартысында жарияланады деп жоспарланған. ТЭН-мен қатар, Топ банктермен құрылыс барысын қаржыландыру жөніндегі келіссөздер жүргізуді және әлеуетті серіктестікті бағалауды жалғастырады. Баимская кен орынын энергиямен қамтамасыз ететін және мемлекет тарапынан қаржыландырылатын инфрақұрылымдық жобалар жоспарға сәйкес іске асырылып келеді. Билибинодан келетін 110 кВ болатын электр желісінің құрылысы кестеге сай жүріп, 2019 жылдың соңына дейін аяқталады. Бұл желі жобаны құрылыс кезінде электр қуатымен қамтамасыз етуге жеткілікті. Чукот автономиялы округіндегі қазіргі Озық қарқынмен әлеуметтік-экономикалық даму аумағы (ОДА) кеңейтіліп, оған Баимская жобасының лицензиялы аумағы кірді. Қолданыстағы ережелерге сәйкес Топ ОДА мәртебесін алуға өтініш береді.

**Директорлар кеңесінің төрағасы Олег Новачук** былай деп мәлімдеді: «Біз әлемнің игерілмеген ең ірі кен орындарының қатарына кіретін Баимская жобасын сатып алу жөніндегі мәміленің аяқталуы туралы хабарлауға қуаныштымыз. Қазақстанда бюджет пен тиісті мерзімдер аясында салып, сәтті іске қосқан аз шығынды карьерлік типтегі кеніштеріміздің ұқсастығын ескерсек, KAZ Minerals бұл жобаны іске асыруға лайықты компания. Ақтоғайдағы кеңейту жобамызды да ескере отырып, біз саладағы мыс өндірісі көлемінің артуының орта және ұзақ мерзімді көшбасшылығын қамтамасыз еттік. Оған нарықта ұсыныстың айтарлықтай дефициті кезінде жетеміз деп отырмыз. Біз трансформациялық өсімнің жаңа кезеңіне кіріп жатқанда мен акционерлерді ілгерілеу туралы хабардар ету мүмкіндігін асыға күтеміз».

**Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:**

## KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

## РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

**KAZ Minerals** – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысындағы Бозшакөл және ШҚО орналасқан Ақтоғай ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2017 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 259 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 58 мың тонна концентраттағы мырыш, 179 мың унция алтын мен 3,506 млн. унция күміс өндірілді. Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 38 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,35%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 27 жыл. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда екі еселеніп, 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орнының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округындағы Баимская мыс жобасын \$900 млн-ға, оның ішінде ақшалай қаражатқа және KAZ Minerals PLC-дің жаңа акцияларына сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі. Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер<sup>2</sup> - шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды және таза ақшалай өзіндік құны жаһандық шығындар қисығының бірінші квартилінде орналасқан. Fluor компаниясы жобаның алдын ала техника-экономикалық негіздемесін аяқтады. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд<sup>3</sup> деп бағаланды. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр.

Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады. Дәстүрлі және жаңа тұтыну көздерінен сұраныс артып, қолданыстағы кеніштердің қоры азайып, металдың кендегі мөлшері азаятындықтан және орта мерзімді болашақта мыс нарығы сұраныстың айтарлықтай дефициті кезеңіне кіреді деген болжам бар. Жаһандық деңгейде операциялық шығындары тартымды жобалар өте сирек кездеседі. Көпшілік жобаларды игеруде қиындықтар басым. Баимская жобасы KAZ Minerals-тың ТМД елдері аумағында ірі мыс жобаларын дамыту жөніндегі дәлелденген қабілетін пайдалана отырып, қосымша құнның өсімін қамтамасыз етудегі сирек кездесетін мүмкіндік беріп отыр.

KAZ Minerals PLC компаниясының құнды қағаздары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. Топта шамамен 13 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.

## Ескертулер

Бұл хабарламадағы терминдер мен түсініктемелер мәні 2018 жылғы 2 тамызда «KAZ Minerals Acquires Baimskaya Copper Project» деген тақырыппен таралған ағылшын тіліндегі нұсқаға сәйкес келеді.

<sup>1</sup> Ақшалай қаражат түріндегі \$436 млн алғашқы ақының \$50 млн төлеу сатып алынатын кәсіпорын тарапынан кепілді келісім жасалғанға дейін шегерілді. Ол Баимская жобасын игеруге арналған лицензияның заңды иесі. \$50 млн көлеміндегі соңғы төлем 2019 жылы болады деп күтіліп отыр.

<sup>2</sup> Өндірістің 100% үлесі негізінде.

<sup>3</sup> Игерудің күрделі шығындарының 100% үлесі негізіндегі номиналды мән, техникалық-экономикалық негіздеме барысында растауды талап етеді.